

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### **Editorial Board**

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

С.Ш. АЙТУГАНОВА<sup>1</sup> \*С.А. САРСЕМБАЕВА<sup>2</sup> 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1, 2</sup>  
(e-mail: [s-aituganova@mail.ru](mailto:s-aituganova@mail.ru)<sup>1</sup>, [ssarsembayeva.kz@gmail.com](mailto:ssarsembayeva.kz@gmail.com)<sup>2</sup>)

### \*ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ СИМУЛЯКРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ (Д. ЖЫЛҚЫБАЙДЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Қазіргі жаһандану заманындағы ақпарат ағымының толассыздығы, ғылыми-техникалық прогресстің қарқынды дамуы, әлеуметтік-мәдени өзгерістер қоғам өміріне тікелей әсер етері анық. Ал, көркем әдебиет қашан да қоғам өмірінің айнасы, жаршысы іспеттес. Бүгінде постмодернистік әдебиетке тән интермәтінділік, аллюзия, метамәтін, гипермәтін, деконструкция, пастиш, симулякр ұғымдары қазіргі қазақ сөз өнеріне де жат емес. Әдебиетте, әсіресе проза жанрындағы жас жазушылардың тың тақырыптар мен жаңа тәсілдік, формалықізденістерге ұмтылысы соның дәлелі. Осылайша, әлем әдебиетіндегі жаңаша сипатты амал-тәсілдер меңгеріліп, көркемдік әдістер мен бағыттар арқылы ұлттық әдебиетіміздің өрісі кеңейіп келеді. Соңғы жылдары әдебиет зерттеушілерінің назарына іліккен, Ж. Бодрийярдың негіздеуімен ғылыми айналымға енген «Симулякрлар мен симуляциялар» теориясының маңызы зор. Аталған теорияның қазіргі кезең әдебиетінде өзіндік орны мен қызметі бар.

Аталған мақалада қазіргі қазақ прозасындағы симулякрдың поэтикалық ерекшеліктері мен көркемдік қызметі жас жазушы Досхан Жылқыбайдың «Квант» және «Матрица» әңгімелері негізінде қарастырылады. Ғылыми зерттеудің мақсаты - симулякрдың бір жағынан, өмірдегі шындықты көркем түрде бейнелеудің ерекше құралы, кейіпкерлер образын ашуда жаңа көркемдік әдіс ретіндегі, екінші жағынан оқырман санасымен ойын тәсілі есебіндегі ерекшеліктерін талдау. Зерттеу барысында интертекстуалдылық, құрылымдық, семиотикалық, герменевтикалық талдау әдістері басшылыққа алынды. Ғылыми зерттеудің негізгі бағыты – қазіргі постмодернистік проза, әдебиеттегі симулякр категориясы.

Жалпы көркемдік шындық өмірдегі шындықты терең сезіну, жазушының дүниетанымы, жалпықатынасын білдіру арқылы туады. Д. Жылқыбай өз шығармаларында симулякр арқылы өмір шындығы мен көркемдік шындықты шебер үйлестіре білген. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы ретінде автор туындыларында бұрын-соңды болмаған, жаңа үлгідегі симулякр бейнелі кейіпкерлердің сомдалуын және қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық мәселелерді жаңа қырынан суреттелуін көрсетуімізге болады. Мақалада берілген зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиеттанудағы зерттеу әдістері» пәндерін оқытуда қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

**Түйін сөздер:** қазіргі қазақ прозасы, әдеби симулякрлар, прозадағы симулякр, әдебиеттегі қоғамдық сананың көрінісі, симулякр поэтикасы, қазақ әңгімелері, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякр, симулякрдың көркемдік қызметі.

\*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР25796591 «Қазақ прозасындағы симулякр (тәуелсіздік кезеңі бойынша)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

**Кіріспе.** Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақ әдебиетінде проза жанрында қалам тартқан жазушылар шеберлігі стильдік тұрғыдан жаңа сипат алып, шығармадағы авторлық ойдың тұтастанғандығынан байқалады. Шығармалардың тақырыптық аясы да кеңейе түсті. Классикалық әдебиеттегідей емес, белгілі бір сюжет пен идеяға байланбаған, соны сипаттағы жаңашыл туындылар соның көрінісі.

Жазушы М.Мағауиннің: «Советтен тыс қоғамда өмір кешкен жазушының бәрі бақытты... Қыспақсыз, алаңсыз он жыл еңбек еткен қаламгердің арманы жоқ», - деген сөзінің үлкен мәні бар. Цензурамен шектеу қойылатын, өрісті тарылтып, әрбір қадамды байлап-матап отырған партиялық бұғауға тәуелді болған заманның келмеске кеткенін айтып, қазіргі қазақ әдебиетінің жаңа бір белесі, кейінгі толқын әрмен көтеретін жаңа дәуірдің бастауы алғаны жайлы пікір білдірген [1, 5]. Қаламгер қазақ әдебиетінің жаңа кезеңінің туғандығы жөнінде осылайша жазды.

Қазіргі қазақ жаңа эпикалық жанрында авторлық «мен» тым күрделеніп, сан қырлы болып, сипаты да өзгеріп кетті. Адам тұлғасын, адамзаттың бүгінгі рухани құндылықтарын безбендеуге келгенде бейнелеудің дәстүрлі принциптерімен қоса, альтернативті сарындардың да орын тебе бастағанын аңғару қиын емес. Атап өтерлік жайт, бұл кезеңде әлемдік әдебиетте модернистік, постмодернистік эстетиканың ықпалы да аз болған жоқ [2, 7]. Әдебиет әлеміндегі жаңа көркемдік әдістер мен бағыттар қазақ әдебиетінің де өрісін кеңейтті.

Жас қаламгерлер туындыларының тақырыптық-идеялық бағыттары әрқилы болғанымен, барлығына ортақ мақсат – жаңа көркемдік тәжірибе жинақтауға деген ұмтылыс. Мысалы, Е.Нұрахметтің «Тарақандар», «Журналист, молда, киллер және жөзөкше», Ә.Рахаттың «Үздіксіз әуез», М.Қосынның «Нерд», Ж.Нартайдың «Мен он төртке толғанда», Д.Жылқыбайдың «Матрица», «Квант» әңгімелері қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді бейнелеуде жаңа түр іздеу жолдарын байқатады.

Қазіргі жаһандық кірігу жүйесіне көшкен әлем – ақпараттар ағымы әлемі. Оның шексіз көп ағыны шындықты іс жүзінде «жойып», көптеген көшірмелер мен симулякрлар жасайды. Философия, әлеуметтану салаларына ортақ ұғым симулякрлардың пайда болу себептерін зерттеу – қазіргі уақытта қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Ал, әдебиет – қоғам өмірінің айнасы. Көркем шығармада симулякрлардың өзіндік орны мен қызметі бар.

«Симулякр» латынның «*simulo*» сөзінен шыққан, «түр жасау», «кейіпке ену» деген мағынаны білдіреді [3, 10], яғни, симулякрдың семантикалық мағынасын төмендегідей топшылай аламыз:

син. ұқсастық, еліктеу, жалған, манекен, кейіп таныту, муляж, иллюзия, макияж, маска, алдау, мираж, камуфляж және т.с.с. фил. Түпнұсқасыз сурет, шын мәнінде жоқ нәрсенің көрінісі [4].

Симулякр – түпнұсқаның қасиеттері мен белгілерін жоғалтқан екінші дәрежелі көшірме. Семиотикалық тұрғыдан қарағанда, «симулякр» – бұл сөзді, сондай-ақ оның келісілген мағыналарын алмастыратын, шынайылықты көрсетпейтін өзін-өзі көрсетуші белгі [5, 145]. Қазіргі адамдардың өмірлеріндегі симулякрдың ең қарапайым мысалы ретінде сандық фотосуретті алуға болады. Дегенмен де фотосурет нысанға алынған объектінің іс жүзінде түпнұсқасы болмауы да мүмкін. Мұндай көзбояушылық арнайы бағдарламалық жасақтаманың көмегімен жасалады.

Көркем туындыда автор өзінің өмірі мен қоршаған ортасын, өзіне ғана тән әлемін бейнелейді. Симулякр әлемді және ақиқатты танудың жетілмегендігін, заттардың шынайы табиғатын түсінуде адамның мүмкіндіктері шектеулі деп көрсетеді. Симулякрдың көркем прозадағы қолданысы қазақ жазушылары М.Мағауиннің «Жармақ», Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», Ж.Қорғасбектің «Жаконданың жанары», «Өлмейтін құс», «Өмірмен қоштасу», Д.Амантайдың «Көзіңнен айналдым», Д.Жылқыбайдың «Квант», «Матрица», С.Ақтайдың «Мүлдем жарық жанбайтын терезе» және т.б. шығармаларында көрініс береді.



**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының негізіне симулякр ұғымының көркем шығармадағы қызметі алынды. Зерттеу нысаны ретінде жас жазушы Досхан Жылқыбайдың «Квант» және «Матрица» әңгімелері қарастырылды. Бұл шығармалардағы симуляцияланған шындықтың көркемдік табиғатын, постмодернистік тәсілдермен байланысын ашу зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. Зерттеудің теориялық негізі ретінде француз философы Жан Бодрийярдың симулякр және симуляция теориясы, постмодернизмнің негізгі қағидаттары және қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері талданды. Сондай-ақ, әдебиеттану мен философия саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері қарастырылды. Әдеби мәтіндерді талдауда салыстырмалы, герменевтикалық, структуралистік әдістер қолданылды.

Мақала қазіргі қазақ прозасындағы жаңа ағымдарды түсінуге, постмодернизмнің ұлттық әдебиеттегі рөлін бағалауға және Досхан Жылқыбай шығармаларындағы симуляцияланған шындықтың көркемдік ерекшеліктерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ әдебиетіндегі постмодернистік бағыттағы шығармалардың поэтикалық және философиялық негіздерін айқындауға үлес қосады.

**Талқылау мен бақылау.** Қазіргі ұлттық әдебиетімізде әңгіме жанрында жазып жүрген жас прозашылардың бірі – Досхан Жылқыбай. Оның «Квант», «Бокетто», «Матрица», «Манту», «Театр теңеулері» және т.б. әңгімелерінде әлеуметтік ортадағы өзекті мәселелерді адам жанындағы руханилықпен шебер үйлестіре білген суреткер. Сондықтан да оның туындылары теориялық тұрғыдан талдауды қажет етеді. Жазушының шығармалары жаңа түр қарастыру ізденістеріне толы.

Д.Жылқыбайдың «Квант» әңгімесінің сюжетінен экшн фильмінің оқиғалары еріксіз ойға оралады. Қазақ әдебиеті үшін жаңашыл саналатын шығарманың «Квант» аталуынан физика саласымен байланыстылығы білінеді. Әңгіме мазмұны тікелей квант туралы емес, бірақ физикалық термин арқылы мәтін идеясы айшықталады.

Шығарманың негізгі кейіпкерлері – университетте оқуда жүрген екі студент – Бекбол мен Кәмила. Олардың тұрмыстық жағдайынан басталған әңгіменің негізгі оқиғасының желісі үш түрлі бағытта айтылады. Бекбол мен Кәмианың белгілі бір әрекеттеріне байланысты оқиға үнемі динамикаға түсіп өзгеріп отырады. Оқиғадағы шешім жасау құқығының кейіпкерлерге берілуі мен олардың басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасқа түсу шығарманың ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Кейіпкерлер классикалық қазақ прозасындағыдай оқиға желісіне тәуелді емес.

Әңгімеде он тоғыз тарау бар. «Кәмианың емтиханнан шығуы», «Бекболдың Кәмианың артынан шығуы немесе шықпауы», «Кәмианың кездесуге баруы я бармауы», «Арай мен Бекболдың кездесу не кездеспеуі» сияқты оқиғалардың әрқайсысы көп нұсқада талданады, бір уақыт кеңістігіндегі жағдаяттардың дамуы мен өрбу барысы баяндалады. Жазушы өзі автор ретінде кірісіп нақты бір шешім ұсынбайды, осындай тәсілмен туындының әр нұсқасы шындық пен қиялдың аражігін алыстатады.

Әңгіменің бұлай өрбуі кинорежиссер Ж.В. Дормальдің «Ешкім мырза» (Nemo Nobody) киносының сюжетін қайталап тұр деуге болады. Фильмдегі адам өміріндегі кездейсоқ жағдай мен таңдау мүмкіндігі туралы сюрреальды инсталляция әңгіменің де мазмұнын құрады. Дәл осы идеяны әңгімеден де көре аламыз. Кейіпкерлердің таңдау мүмкіндіктері мен шешім қабылдаулары олардың алда атқаратын іс-әрекеттерін айқындап отырады.

«- Иә... Айтпақшы, Бек! Қай пиджагімді кисем болады?  
- Түнде сұрыңды дайындап қойып едің ғой, Кәми...  
- Ол түндегі көңіл күймен таңдалған...  
- Қой қызылымды киіп шыға берейін, деп пиджагін қолына ұстаған күйі сыртқы есікке беттеді»[6, 3-4].

Екінші бір нұсқада:

«- Бек, қай пиджагімді кисем болады?  
- Түнде сұрыңды дайындап жатыр ең.

Кәмила тыжырына сұр пиджагін қолына алды.

- Киетін киімім жоқ...» [6, 5].

Осылайша басты кейіпкер Кәмиланың сұр не қызыл пиджагінің қайсысын кисем деген ең қарапайым таңдауы, негізгі сюжеттің өрбу және даму барысын өзгертіп отырады.

Әңгіменің «Квант» аталуының ерекшелігі де бар. Квант дегеннің ғылыми анықтамасы: өз бетімен өмір сүре алатын қандай да бір физикалық шаманың мүмкін болатын өзгеруінің ең кіші мөлшері [7, 345]. Кванттық физикада атақты «Шредингердің мысығы» теориясы бар. Австриялық физик-теоретик, Нобель сыйлығының лауреаты Эрвин Шредингердің 1935 жылы ойдан шығарған тәжірибесі бойынша үлкен болат қорап ішіне мысық, радиоактивті зат, балға және циан қышқылы орналастырылады. Ғалымға сүйенсек, 1 сағат көлемінде радиоактивті заттың бір атомы ыдырап, балға улы газды құлатады, нәтижесінде мысық өліп қалуы мүмкін, екінші жағынан атомдар ыдырамай, мысық тірі болуы да мүмкін [8, 128]. Байқағанымыздай, болат қорап ішіндегі мысықтың жағдайы екі түрлі сипатта. Бұл тәжірибеге қарасақ, алдағы болатын жайттарда оқиғаның дамуына, таңдауға, кездейсоқтыққа тікелей тәуелді екенін көреміз. Мысалы, ағайынды Гриммдердің «Вошка мен блошка» ертегісіндегі бас кейіпкердің күйіп қалуынан бүкіләлемдік су тасқыны апаты басталады. Көзге көрінбейтін кішкене ғана жәндіктің бір аздаған оқыс әрекеті үлкен өзгерістерге алып келеді. Немесе Р.Бредберидің «И грянул гром» (1952) әңгімесінде бұрынғы замандардағы көбелектің өлімі болашақтағы өмірді басқаша түрлендіреді. Кезкелген кішігірім әрекеттердің салдары өте ауқымды болуы мүмкін. Жаратылыстану ғылымдарында бұл «Көбелек әсері» деп аталады [9]. Ғалым Эдвард Лоренц алғаш рет 1961 жылы «көбелектің әсері» ұғымын енгізді. Оның мәні мынада: Айовадағы көбелектің қанаттарының соғуы Индонезиядағы дауылға әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, бір кесе кофе нашар ұйқыға әкеледі, содан келесі күні адам өзін жаман сезініп, жоспарланған жұмыстарды істемеуі мүмкін.

Әңгімеде: «Тағдыр – таңдау ғой. Алдымызда мың-миллион жолдар бар. Тіпті, біздің санамызда күнделікті қанша таңдау туындайды – сызылған сонша жолымыз бар секілді. Олардың бір-бірімен қиылысуы қажет емес. Квант секілді. Бір сәтте бірнеше жерде бола алады» [6, 23] - деп, таңдау мүмкіндігін өз кейіпкерлеріне беру арқылы шығарманы түйіндейді, тарам-тарам өмір жолдарындағы көп таңдаудың ішінен өзіне қажетін алудың өзін тағдыр деп тұжырым жасайды ...және бұл тұжырым постмодернистік теориямен үндеседі. Постмодернистік әдебиетте нақты шындықтың, бірегей ақиқаттың жоқтығы баса айтылады, ал адамның өмірі — үздіксіз таңдау мен өзгермелі мәндерден құралған көпқырлы болмыс. Таңдау еркіндігі арқылы кейіпкерлер өз тағдырларын құра отырып, өмірдің әрбір сәтін көпқырлы интерпретациялаудың бір бөлігіне айналады. Постмодернистік тұрғыдан, өмірдегі әрбір таңдау бірден-бір дұрыс бағыт емес, тек ықтимал мүмкіндіктердің бірі ғана, ал таңдау нәтижесінде туындайтын тағдырдың өзі де субъективті әрі өзгермелі категория болып табылады.

Шығармада тарам-тарам жолдар мен сансыз таңдаулар — адамның жеке болмысы мен шындықтың көпөлшемділігін айқындайтын символ. Кейіпкерлердің өз таңдауларын жасауы мен тағдырды сол таңдаулардың нәтижесі деп қабылдауы — постмодернизмнің хаостық құрылымды тәртіпке салуға тырысатын адамның табиғатын бейнелейтін негізгі идеясына сәйкес келеді. Әрбір кейіпкер шексіз мүмкіндіктер әлемінде өмір сүріп, көптүрлі шындықтың ішінен өз интерпретациясын жасайды, ал сол интерпретация — оның жеке тағдырының көрінісі.

Бір ғана уақыт аралығында параллель кеңістіктерде өтіп жатқан оқиғаларды суреттеу кейінгі жылдары әлем әдебиетінде кеңінен таралған әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс постмодернистік әдебиетте кең қолданыс тапқан, себебі ол дәстүрлі хронологиялық құрылымнан алыстап, уақыт пен кеңістік ұғымдарының шектеулігін жояды. Әдебиеттегі параллель кеңістіктерде бір мезетте жүріп жатқан оқиғалар арқылы авторлар өмірдің көпқырлылығын, шындықтың көпөлшемділігін көрсетуге тырысады. Әрбір кеңістіктегі оқиға дербес шындық ретінде ұсынылады, сол арқылы оқырманға әртүрлі перспективадан

өмірді түсіну мүмкіндігі беріледі. Бұл әдіс кейіпкерлердің сансыз таңдаулары мен олардың ықтимал нәтижелерін зерттеп, өмірдің болашаққа апаратын түрлі нұсқаларын параллель түрде ашуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл арқылы әдебиет шындықтың релятивті екендігін, әр оқиғаның, әр кейіпкердің тағдырының бірнеше балама нұсқада қатар өмір сүре алатынын көрсетеді. Осы арқылы оқырман тек бір емес, бірнеше параллель дамып жатқан оқиғалар желісінің мәнін талдап, оның философиялық тереңдігін ұғынады. Мысалы, Пол Остердің «4321», Стивен Кингтің «11-22-63», Стюарт Тертонның «Эвелина Хардкаслдың жеті өлімі» романдарында кейіпкерлердің өмірлері бірнеше нұсқада, параллель кеңістіктерде өтіп жатады.

П. Остердің «4321» романындағы негізгі кейіпкер Арчи Фергусонның тағдыры төрт түрлі жағдайда көрінеді. Кейіпкердің жеке басындағы жағдайлар айналасындағы адамдар мен олардың қабылдаған шешімдеріне байланысты өзгеріп отырады. Автор симулякр арқылы оқырмандарға оқиғалардың даму мүмкіндігін әр түрлі жағдайда көрсетеді әрі өзінің суреткерлік қиялын танытады [10].

Ал С.Кингтің «11-22-63» романында АҚШ Президенті Дж.Кеннедидің өлімін (1963 жылдың 22 қарашасы) тоқтату үшін еңбектенген бас кейіпкер Эл Темплтонның қимылы бейнеленеді. Басқа кеңістікке жол ашатын порталға кіру арқылы өткен заман оқиғасын бірнеше мәрте өзгертуге тырысады. Өткен тарих пен бүгінгі заман арасындағы саяхат, бұрынғы іс-әрекеттердің, шешімдердің болашаққа тигізер әсері, бас кейіпкердің қиялы жүзеге аспайды. Бұл арқылы адамның тағдырына жазылғанның болатынын ұғындырады. «Адам қиялындағы мінсіз әлем - жалған көрініс, тек симулякр» деген түйінді ой туады [11].

Досхан Жылқыбай өзінің «Матрица» деген шығармасында қазіргі қоғамның жағдайын көркем бейнелейді. Әңгіменің басты кейіпкері – ғылыми орталықтардың бірінде қызмет етуші Досжан. Автор Досжанды арманы алдында беті қалыңдай түскен, бір кездегі өзі белгілеген мақсатының бағытынан жаңылған, капсула ішіндегі адамға теңейді [6, 65]. Досжанның мұндай ауыр күйге ұшырауына себеп – тұрмыс тапшылығы. Кейіпкер іштей құлдырап, өзінің әлемін жасап алады.

Кейіпкер: «Ал, жастар сол ештеңені өзгерткісі келмейтіндермен алысамыз деп қуатын тауысып бітеді. Олар да дәл солай өмір сүру үшін мұғалім болады. Пәтер аламын деп шабылады. Сөйтіп жүріп жасы егде тартады. Күндердің күнінде оның да бір танысы бастық болады. Сосын баяғы бәрін өзгерткісі келетін ғалым да көтеріледі. Бірақ оның ойындағы жаңалығы бұл кезде тағы ескіріп қалады. Сонымен осы тұйық шеңбер жалғаса береді» [6, 70], - деп қазіргі замандағы жас ғалымдардың өмір жолын қынжыла баяндайды. Өмір шындығын осылайша көркемдік шындыққа айналдырады. Досжанның өмірден түйген ойынша, материалдық және тұрмыстық-әлеуметтік қиындықтар, жалақының жеткіліксіздігі, ақшалай несиелер, парақорлық-ғалымдардың рухани әлеуетін тұралатып, ғылыми ізденістері мен жаңалық ашу мүмкіндігін бәсеңдетеді. Осылайша қоғамдағы өзекті деп танылған мәселелерді сипаттау арқылы жазушы өз оқырманын кейіпкер іс-әрекетінің мотивін, ішкі сезімі мен ойын түсіндіруге мүмкіндік алады.

«Адамның үшінші көзін соқыр ететін, табиғатпен тілдесуден алыстататын ғалымдар айтып жүргендей бетон қабырғалар мен химиялық тағамдар емес секілді. Оның үшінші көзін, тіпті екі көзін де соқыр ету күйбең тіршіліктің гана қолынан келердей» [6, 79]. Жас ғалымның өз материалдық жағдайын жасау үшін қатты үміттенген әкім сыйақысына іліге алмауы оның басқа да қарыздары: екі банктен алған несие уақытының өтіп кетуі, үш микрокредиттік ұйым қарыздарын қайтара алмағаны, әріптестерімен болған қақтығыстар Досжанның еріксіз өмірімен қош айтысуына түрткі болады. Адамның тығырыққа тіреліп, шыға алмай қалуы күйзеліске әкеліп, оның дұрыс шешім шығара алмауынан көрінеді. Ұзақ толғана келе ойындағысын жүзеге асырады. Дамбаға қарай бара жатқан жолда көлік астына түседі. Бірақ, таңғаларлығы өзі секіргісі келген көпір үстінде пальтолы жігітті көреді. Темекісін езуіне қыстырып алып, дамбаның жиегіндегі темірге шалқая сүйеніп тұрған бұл Досжанның өзі еді [6, 80]. Бас кейіпкер осылайша зерттеу ұйымының қолдан жасалған жалған

матрицасына түсіп, «тағдыры түйықталған» тағдырласы — өзінің сәтсіз көшірмесімен бетпе-бет келеді. Бұл сәтте параллель кеңістіктердің бір уақытта тоқайласуы оқиғаның шиеленісін арттырады, себебі матрица шынайы және жалған әлемдердің арасындағы шекараны жояды. Кейіпкер өз тағдырының мүмкін болатын нұсқаларын зерттеу арқылы, шындықтың өзі де матрица секілді жасанды құрылым екендігіне көз жеткізеді. Осы жасанды әлемде тағдыр таңдау арқылы емес, алдын ала белгіленген бағдарламалар арқылы анықталады, бұл бас кейіпкердің еркіндігін шектейді. Матрицаның ішінде жүріп, ол өзінің көшірмесімен кездескенде, шындықтың шектеулі екендігіне, әрбір шешімнің матрицаның бақылауында болатындығына көз жеткізеді. Тағдырының түйыққа тірелуі — оның шынайы еркіндігінің жоқтығының, тек жасанды жүйеде алдын ала жоспарланған жолдардың бар екенінің айғағы. Параллель кеңістіктердің тоғысуы кейіпкердің санасында шындық пен иллюзияның күресін күшейтіп, оның өз тағдырына деген сенімін шайқалтады. Бұл жағдай кейіпкерді матрицадан шығып, шынайы еркіндікке ұмтылуға итермелейді.

Оқиғаның тереңдігі — кейіпкердің өз тағдыры мен болмысын қайта түсініп, шындықты басқаруға талпынысында. Матрицаның жалған әлемінде бәрі алдын ала анықталған болса да, кейіпкер сол иллюзиядан тыс, нағыз таңдау жасау мүмкіндігі бар шынайы әлемді іздейді. Бұл оның экзистенциалдық дағдарысы мен тағдырды қайта құруға деген ұмтылысын бейнелейді.

Философ Ж.Бодрийярдың ойынша, әлемді толық иллюзия ретінде қабылдау, өмірдің шынайылығына күмән келтіру – барлық ұлы мәдениеттердің тарихында орын алған. Адамдар ерте және орта кезеңдерде бұл мәселені шешуде өнерге жүгініп, қиялдары мен армандарын символдық бейнелер арқылы астарлап, құбылтуға тырысса, ХХ ғасырда «Матрицаны» ойлап тапқан [12]. Тығырыққа тірелген адам өзінің өткеріп жатқан жағымсыз эмоцияларынан, психологиялық күйзелістен, алаңдаудан, қорқудан қашып, виртуалды әлемге кіруге тырысады. Нәтижесінде, бұл әлем шынайы өмірді ауыстырады. Адам виртуалды әлемді қабылдайды. Гаджеттер мен смартфондарға тәуелділік, цифрланған әлем, қиял мен ғажайып әлемді сипаттайтын кинотуындылар, әлеуметтік желілердегі әлем-жәлемділік, бір-бірінен аумайтын күнделікті күйбең тірлік түрлі ойларға жетелейді.

*«...Адамдардың көруі, сезуі, естуі, дәм сезуі және иіс сезуі – барлығы мига ақпаратты электронды түрде жеткізетінін алға тарттық. Яғни адам айналасын емес, сол айналасының электронды көшірмесін көретінін айттық. Қорытындылай келе, әлем - адам миының ішіндегі голограмма деген тұжырым жасаған едік», - деп Екінші Досжан бұған көз қиығын тастады [6, 82].* Үзінді автор идеясының постмодернистік көзқарастан туғандығын анық көрсетеді. Досжанның өз-өзіне қол жұмсап, қиындықтардан шеткері кеткісі келгенімен, автор оның өлімі де ізсіз өтпейтінін айтады: *«...Адамдар өлмейді. Тек адам рухы Тәңір матрицасының бірінші фазасынан екінші фазасына ауысады... Біз оны «о дүние» дейміз...»*. Яғни, автор «Матрицаны» әлемді суреттеуде аллегориялық-метафоралық мәнде пайдаланып, Досжан мен оның көшірмесі қолдан жасалған компьютерлік матрицада, бүкіл Жер ғаламының тұрғындары одан жоғары «Тәңірлік» матрицада өмір сүретінін айтады [6, 83].

**Нәтижелер.** Көптеген зерттеушілер әдебиеттегі симулякрлардың пайда болуын тұтынушылар қоғамының қалыптасуымен, ғылыми техникалық прогресспен және ақпарат ағымының толастамай үнемі жаңарып отыруымен байланыстырады. Британиялық әлеуметтанушы, профессор З. Бауман «Қазіргі заман» (Текущая современность) еңбегінде *«Жаһандану дәуірінде адамдар ақпаратты толық игере алмауы әсерінен әлемге «жалған көзқараспен» қарайды», - деп жазған екен. «Жалған көзқарас» келіп жатқан ақпарат ағымын тоқтатумен, қарқынын басумен, қаттыны – жұмсартумен, пішінсіз затқа пішін берумен әлек болады. Ғалым «қазіргі кезеңдегі адамдардың оларға ұсынылып жатқан ақпараттарды, оқиғалар мен құбылыстарды түсінуге уақыты жоқ» деген маңызды идеяны ұсынады. Жеке тұлғалық қасиеттерді дамыта отырып, жаңа заманға қарай жылдам икемделуге тырысқан сайын, өмірді «жеңілдетуші» заттарды яғни, симулякрларды қолданысқа енгізу қажеттілігі туындайды [13, 91].* Жалғандық басқа бір жалған оқиғаларды тудырып, өмірдің өзін шынайылықтан алшақтатады. Сондықтан да адамдар өз өмірлеріндегі

көптеген оқиғалардың жалған екендігіне мән бермей оны шынайы ретінде қабылдайды. Адамдардың өмірді түсінулеріне шек қойылады. Бір қарағанда керісінше ойдың шексіз дамуына ықпал ететіндей көрінген виртуалды шындық әлемінде адам тұтқын болып, оның ықпалында қалады.

Тұтынушылар қоғамы дайын өнімдерді пайдаланып, өндіруші қоғамның құлына айналады, адамдар шығармашылық әлеуетін пайдаланбай, мәселелерді шешуде оңай жолдарды таңдауға тырысады. Ж.Бодрийярдың «Симулякрды адамзаттың басын жұтатын тажал» [3] деп көрсетуі де осы жағдайды айқындайды. Бодрийярдың теориясында симулякр — шындықтың шынайы болмыстан алыстап, жасанды көрінісіне айналуы. Адамдар шынайы мәннен ажырап, тек дайын «симуляцияланған» өнімдерді тұтынуға көшеді. Осылайша, олар өз еркінен айрылып, шындықты емес, тек оның жалған, қолдан жасалған көшірмесін ғана қабылдайтын қоғамның құрбанына айналады. Бұл жағдайда адамдардың шығармашылық әлеуеті шектеулі болады, өйткені олар өздеріне ұсынылған дайын өнімдер мен шешімдерден шыға алмайды. Оңай жолдарды таңдауға деген ұмтылыс пен қол жетімді шешімдерді пайдалану — тұтынушылар қоғамының ең басты мінез-құлық белгілерінің бірі. Осы тұтынушылық пен симулякр мәдениеті адамдарды терең ойланудан, түпнұсқалықтан ажыратып, шындықтың орнына жалғандыққа негізделген әлемде өмір сүруге мәжбүрлейді. Авторлар мен ойшылдар бұл процесі адамзаттың шынайы болмысынан алыстауы, рухани және интеллектуалдық азғындауы ретінде көрсетеді. Симулякр мен матрица концепциялары осындай жасанды әлемнің құрылымдарын бейнелеп, адамның еркіндігін шектейтін, оны «құлдыққа» түсіретін күш ретінде суреттеледі.

Бүгінде әлемдік сананың өзгеруі жаңа дүниетанымға негіз болды, жаңа кейіпкер типін жасауға, сол кейіпкер бойына өз субъективті қабылдаулары мен түсініктерін дарытуға әкеп соқты [14, 50]. Жазушы Д. Жылқыбайдың әңгімелеріндегі кейіпкерлердің қоғамдық-әлеуметтік тартыс негізінде адамдардың күйзеліске түсуі арқылы жалған әлем жасап алатыны және сол әлемдегі жан тыныштығын меңгеріп, нақтылы реалды өмірді мансұқтауы бүгінгі адамдардың кез келгенінің басына келуі мүмкін. Постмодернизм әдісінің негізгі элементтерін алған шығармалардың оқырмандарына ой сала отырып, одан алшақтаудың жолын ұсынуы сирек. Барлық дерлік постмодернизм әдісінің туындыларында ондай шешім қабылдауды оқырманның өзіне қалдырады. Бұл бір жағынан оқырманның дамуына, ойлануы әсері болса, екінші жағынан автордың да бұл мәселені шешу қауқарының жоқ екенін байқатады. Ол заңдылық. Себебі адам өмірі туралы шешімді әрқашан өзі қабылдауы шарт.

**Қорытынды.** Ойымызды түйіндей келе, кез-келген көркем шығарма - өмірдің көшірмесі деген қорытындыға келеміз. Туындыда суреттелген өмір, қоғам бейнесі –автор қиялы мен суреткерлік шеберлігінің жемісі. Көркем туындыдағы шындықты суреттеуде жаңа әдіс ретінде симулякрды көрсете аламыз.

Әдебиет өмір айнасы дегенде тарихи туындылардағы кейіпкерлердің белгілі бір әрекеттерінің аяқталуын оқырман білгендіктен оны қорытындылап, түйіндеуіне мүмкіндік болады. Ал замандастың бейнесіндегі тығырыққа тірелуді шешу үшін оқырманның біраз ойланып, еңбектенуіне тура келеді. Ол өзі осы заманда отырғандықтан оның да басында тура сол жағдайлар болуы мүмкін. Шығармадан ол өзін көреді. Автордың шешім шығарып беруін күтуі де мүмкін. Бірақ постмодернизм өкілдерінің бір ерекшелігі ешқашан да тура шешім шығарып, қорытынды ойды бермейді. Қайта оқырманын ойға салып, оның өзі өмір сүріп отырған қоғамның күрделі мәселелеріне араласуын қажет етеді.

Қаламгер Д. Жылқыбай кейіпкерлері де өздерінің қоғамдарында өмір сүре отырып, оқырмандарына ой салады. Олардың шешім шығаруға қатысуын қалайды. Сондықтан жазушының шығармаларында симулякр бейнелі кейіпкерлер мол кездеседі.

## Әдебиеттер

1. Дауыс. Әңгімелер антологиясы. – Алматы: Мазмұндама, 2022. – 192 б.
2. Жарылғапов Ж.Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: оқу құралы / Ж.Ж. Жарылғапов, А.А. Мырзахметов. – Алматы: Эпиграф, 2016. – 164 б.
3. Бодрийяр Ж. Симулякры и симуляции / Ж. Бодрийяр; [пер. с фр. А. Качалова]. – М.: Постум, 2015. – 240 с.
4. The Cambridge dictionary of philosophy / edited by Robert Audi. – Third edition. Cambridge University Press, 2015. – 1210 p.
5. Шевченко Е. В. Симулякр как тактический прием оказания ориентирующего воздействия // Вопросы когнитивной лингвистики, №3, 2015. – С. 144-150. <https://cyberleninka.ru/article/n/simulyakr-kak-takticheskiy-priem-okazaniya-orientiruyuschego-vozdeystviya/viewer>
6. Жылқыбай Д. 18:47 (әңгімелер мен эссе очерктер жинағы) – Алматы: Дәуір, 2021. – 144 б.
7. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.
8. Квантовая физика: для тех, кто хочет все успеть. – М.: Эксмо, 2022. – 128 с.
9. Peter Dizikes. The meaning of the butterfly: Why pop culture loves the butterfly effect, and gets it totally wrong // Boston Globe, June 8, 2008. URL: <http://archive.boston.com/bostonglobe/ideas/articles/>
10. Остер П. 4321. Перевод с англ. М. Немцова. – М.: Эксмо, 2018. – 992 с.
11. Кинг С. 11-22-63. Перевод с англ. В. Вебер. 2021. – 928 с.
12. Жан Бодрийяр о «Матрице». Интервью Ж. Бодрийяра журналу «Le Nouvel Observateur», 19 июня 2003 г. / Перевод В. Мильчиной // Скрытый смысл. Анализ фильмов и философская пропедевтика. – М., 2018. URL: <https://web.archive.org/web/20131214161437/http://jungland.net/node/953>
13. Бауман З. Текучая современность. – СПб.: Питер, 2008. – 240 с.
14. Жутаева А.К., Әбдиманұлы Ө. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №2 (174), 2019. – 50 б. <file:///C:/Users/beyse/Downloads/5092.pdf>

### С. Ш. АЙТУГАНОВА, С. А. САРСЕМБАЕВА,

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

### ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СИМУЛЯКРА В СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗАХ (ПО РАССКАЗАМ Д. ЖЫЛҚЫБАЯ)

**Аннотация.** В эпоху современной глобализации непрекращающийся поток информации, стремительное развитие научно-технического прогресса, социокультурные изменения оказывают непосредственное влияние на жизнь общества. В художественной литературе отражается быт общества. Сегодня понятия интертекстуальности, аллюзии, метатекста, гипертекста, деконструкции, пастиша, симулякра, характерные для постмодернистской литературы, не чужды и современной казахской литературе. Об этом свидетельствует стремление молодых писателей в литературе, особенно в жанре прозы, к новым темам и новым подходам, формальным идеям. Таким образом, осваиваются новые характерные приемы в мировой литературе, расширяется поле национальной литературы через художественные приемы и направления. Большое значение имеет теория Ж. Бодрийяра «Симулякром и симуляций», которая в последние годы привлекла внимание многих литературоведов.

В данной статье рассматриваются поэтические особенности и художественная деятельность симулякра в современной казахской прозе на основе рассказов «Квант» и «Матрица» молодого писателя Досхана Жылқыбая. Целью научного исследования является анализ особенностей симулякра, с одной стороны, как особого средства художественного отражения действительности в жизни; как нового художественного метода в раскрытии образа героев; и способа игры с

сознанием читателя. В ходе исследования руководствовались методами интертекстуального, структурного, семиотического, герменевтического анализа. Основное направление научного исследования – современная постмодернистская проза, категория симулякров в литературе.

Общая художественная реальность рождается через глубокое осознание действительности в жизни, мировоззрение писателя, выражение его общего отношения. Д. Жылкыбай умело сочетал в своих произведениях реальность жизни и художественную реальность через симулякр. В качестве научной значимости исследования можно выделить беспрецедентное в произведениях автора сопоставление симулякров нового образца и описание социальных, экономических проблем современного общества в новом Свете.

Результаты исследования, представленные в статье, могут быть использованы в качестве дополнительного материала при изучении дисциплин «Современная казахская литература», «Методы исследования в литературоведении» в высших учебных заведениях.

**Ключевые слова:** современная казахская проза, литературные симулякры, симулякр в прозе, отражение общественного сознания в литературе, поэтика симулякра, казахские рассказы, симулякр в современных казахских рассказах, художественная деятельность симулякра

**S.SH. AITUGANOVA, S.A. SARSEMBAYEVA,**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

#### **THE ARTISTIC ACTIVITY OF THE SIMULACRUM IN MODERN KAZAKH SHORT STORIES (BASED ON THE STORIES OF D. ZHYLKYBAI)**

**Annotation.** In the era of modern globalization, the incessant flow of information, the rapid development of scientific and technological progress, and socio-cultural changes have a direct impact on the life of society. And fiction reflects the way of life of society. Today, the concepts of intertextuality, allusion, metatext, hypertext, deconstruction, pastiche, simulacrum, characteristic of postmodern literature, are not alien to modern Kazakh literature. This is evidenced by the desire of young writers in literature, especially in the genre of prose, for new topics and new approaches, formal ideas. Thus, new characteristic techniques in world literature are being mastered, the field of national literature is expanding through artistic techniques and directions. The theory of J. is of great importance. Baudrillard's "Simulacra and Simulations", which in recent years has attracted the attention of many literary critics.

This article examines the poetic features and artistic activity of the simulacrum in modern Kazakh prose based on the stories "Quantum" and "Matrix" by the young writer Doskhan Zhylykbaev. The purpose of the scientific research is to analyze the features of the simulacrum, on the one hand, as a special means of artistic reflection of reality in life; as a new artistic method in revealing the image of heroes; and a way of playing with the reader's consciousness. The research was guided by the methods of intertextual, structural, semiotic, and hermeneutic analysis. The main area of scientific research is modern postmodern prose, a category of simulacra in literature.

A common artistic reality is born through a deep awareness of reality in life, the writer's worldview, the expression of his general attitude. D. Zhylykbaev skillfully combined the reality of life and artistic reality through a simulacrum in his works. As a scientific significance of the study, an unprecedented comparison of simulacra of a new sample in the author's works and a description of the social and economic problems of modern society in a New Light can be highlighted.

The research results presented in the article can be used as additional material in the study of the disciplines "Modern Kazakh literature", "Research methods in literary studies" in higher educational institutions.

**Keywords:** modern Kazakh prose, literary simulacra, simulacrum in prose, reflection of public consciousness in literature, poetics of the simulacrum, Kazakh stories, simulacrum in modern Kazakh stories, artistic activity of the simulacrum

## References

1. Daýys. Ángimeler antologiasy. (Voice. Anthology of stories). – Almaty: Mazmýndama, 2022. – 192 b.
2. Jarylǵapov J.J. Qazyrǵy qazaq ádebieti: oqýquraly (Modern Kazakh literature: a training manual) / J. J. Jarylǵapov, A. A. Myrzahmetov. – Almaty: Epigraf, 2016. – 164 b.
3. Baudrillard J. Simulacra and simulations / J. Baudrillard; (translated from the French by A. Kachalov). – M.: Postum, 2015. – 240 p.
4. The Cambridge dictionary of philosophy / edited by Robert Audi. – Third edition. Cambridge University Press, 2015. – 1210 p.
5. Shevchenko E.V. Simulyakr kak takticheskij priem davleniya orientiruyushchego vozdejstviya //Voprosy kognitivnoj lingvistiki, no 3, 2015. – S. 144-150. <https://cyberleninka.ru/article/n/cimulyakr-kak-takticheskij-priem-okazaniya-orientiruyushchego-vozdejstviya/viewer>
6. Jylqybai D.18:47 (ángimeler men esse ocherkter jınaǵy). (18:47 (collection of short stories and essays) – Almaty: Dáýir, 2021. – 144 b.
7. Qazaq tiliniń kirme sózder sozdigi (Dictionary of foreign words of the Kazakh language) / Qurastyrǵandar: Sh. Qurmanbauly, S. Isaqova, B. Mizamhan jáne t.b. – Almaty: Ulttyq aýdarma búrosy, 2019. – 596 b.
8. Kvantovaya fizika: dlya tekhn, kto khochet vse uspet'. (Quantum physics: for those who want to do everything in time). – M.: Eksmo, 2022. – 128 s.
9. Peter Dizikes. The meaning of the butterfly: Why pop culture loves the butterfly effect, and gets it totally wrong//Boston Globe, June 8, 2008
10. P. Oster. Pervod s angl. M. Nemtsova. (4321. Translated from the English by M. Nemtsov). – M.: Eksmo, 2018. – 992 b.
11. S. King. 11-22-63. Pervod s angl.V. Veber. (11-22-63. Translated from the English by V. Weber) 2021. – 928 s.
12. Zhan Bodriyyar o «Matritse». Interv'yuZh. Bodriyyara zhurnalu «Le Nouvel Observateur», 19 iyunya 2003 g. (Interview with J. Baudrillard to the magazine “Le Nouvel Observateur”, June 19, 2003)/ Pervod V. Mil'chinoy // Skrytyysmysl. Analiz fil'mov i filosofskaya propedevtika. – M.: 2018. URL: <http://skrytyysmysl.rf/blog/zhan-bodriyyar-omatrice>
13. Bauman Z. Tekuchaya sovremennost'. (Fluid modernity) – SPb.: Piter, 2008. – 240 s.
14. Jýtaeva A.K., Ábdımanuly Ó. Qazirgi qazaq ádebietindegi postmodernizm kórinisteri // QazUY habarshysy. Filologia seriasy, №2 (174), 2019. – 50 b. file:///C:/Users/beyse/Downloads/5092.pdf

### Авторлар туралы мәлімет:

**Айтуғанова Саулеш Шамшақызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Айтуғанова Саулеш Шамшаевна** – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Aituganova Saulesh Shamshayevna** – Candidate of Philology Sciences, Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Сарсембаева Сымбат Арманқызы** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің постдокторанты, Астана, Қазақстан.

**Сарсембаева Сымбат Армановна** – постдокторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Sarsembayeva Symbat Armanovna** – Postdoctoral fellow of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.